



«ЖІГІТ СУЛТАНЫ – 2019»

Қостанай қурылыс колледжінде алғаш рет «Жігіт сұлтаны – 2019» байқауы өтті. Дүбірлі додада қағамыздағы білім ошақтарынан іріктелген білім де білімді 7 жігіт бақ сынады. Олар күш сынасты, өнерлерін көрсетті ері қазақ тілінің мәртебесін асқақтатты.

3 берм



ПОД НЕБОМ ВДОХНОВЕНИЯ

В Костанай Региональным центром психологической поддержки и дополнительного образования УО АКО проведен областной фестиваль «Детство без границ» среди воспитанников интернатных, коррекционных организаций. На этой неделе состоялся гала-концерт и подведение итогов фестиваля.

стр. 13

ЖЕТІСТІК «Үздік электронды портфолио»



Арқалық политехникалық колледжі оқытушыларының арасында «Үздік электронды портфолио» байқауы ұйымдастырылды. Ол оқытушылардың нәтижелері мен жеткен жетістіктерін, жүргізген жұмыстарын талдап, біліктілігін көтерудегі нәтижелерін саралауға мүмкіндік береді.

Байқау шарты бойынша, пән оқытушылары электронды портфолиоларын белгіленген мерзім ішінде дайындап, тапсыруға тиіс болды. Байқау оқытушылардың саласына байла-

нысты бірнеше бөлімнен тұрды. Оған: жалпы білім беру, қызмет көрсету саласы, тәрбиешілер мен әлеуметтік педагог, психолог, қосымша білім беру педагогтері және техникалық пәндер топтамалық-әдістемелік оқытушылары қатысты.

Әділ қазылар алқасы қатысушылардың портфолиосын бірнеше критерийлер бойынша, атап өтсек: ережеге сай әзірленуі, мазмұны, ұсынылған ақпараттың дұрыстығы, ресімдеу сапасы, сауаттылық, ерекшелігі және шығармашылығын бағалады. Оқытушыларға портфолионы ережеге сай жасап, ұсынылған ақпараттың дұ-

рыстығына назар аударып, жұмыс көлемі, бірқатар әдістемелік, шығармашылық талаптардың толық сақталуын қадағалап, үнемі толықтырып отыруы шарт екендігі түсіндірілді.

Нәтижесінде I орынға Қ.А. Сейдалы, II орынға Г.Х. Алкешов, Л.А. Самыратова, III орынға А.Ш. Махатов, А.Ж. Жапарғалиева, С.М. Хамзина ие болды. Ал талап пен ережеге сай әзірленген А.С. Нұрманбетова, Д.Х. Бекеева жұмыстары үздік танылып, арнайы дипломмен марапатталды.

Г.Қ. ҚАРЖАУОВА,
Арқалық политехникалық колледжінің әдіскері